

**Ә. Ә. Қасенова, Орталық Қазақстан академиясының 2-курс магистранты;
М. К. Ынтықбаев, Орталық Қазақстан академиясының қылмыстық құқық
және процесс кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты**

НАШАҚОРЛЫҚПЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. Қазіргі таңдағы өзекті басты мәселелердің бірі қазақстандық қоғамның алдында тұрған және нашақорлықпен есірткі бизнесінің мемлекетіміздің халықтарына, ұлттық қауіпсіздігіне толығымен галамдық қауіп төндіретін көрсеткіш болып табылады.

Түйін сөздер: нашақорлық, есірткі бизнесі, қылмыстық күрес.

Нашақорлық бүгінгі таңдағы адамзатты алаңдататын, әлемдік деңгейге көшкен проблемалардың бірі. Құқық қорғау органдарының нашақорлық дертін алдын алуға бағытталған шараларының жүргізілуіне қарамастан, бұл дертке ұшыраған адамдардың, сондай-ақ есірткіге байланысты қылмыстардың саны жылдан жылға өсіп келеді. Есірткіге байланысты қылмыстарды бір сөзбен есірткі бизнесі немесе наркомафия деп айтуға болады, өткені нашақорлық дерті ең алдыменен есірткіні өндіруден және оны заңсыз тасымалдаудан, сатудан бастау алады. Есірткі бизнесімен әлемнің іргелі елдерінің барлығы күресуде және ешбір ел халықаралық бірліксіз есірткі бизнесіне қарсы күресте айтарлықтай табысқа жете алмайды. Сондықтан есірткі бизнесімен күресті күшейту мақсатында арнайы халықаралық ұйымдар жоспарларын, тапсырмаларын қабылдауда және жүзеге асыруда. Өз кезегінде ол, әр елде құрылған есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеттерін, ұйымдарын, мекемелерін бірігіп жұмыстануына әкелуде.

Қазіргі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы біздің Республикамызға есірткі бизнесімен күресу үшін қаражат бөлуде, өйткені көпшілігімізге белгілі Қазақстан есірткі транзитінің үстінде жатыр. Атап айтқанда, Оңтүстік Батыс Азия, Ауғанстан елдерінен Ресейге, одан әрі Батыс Еуропаға асырылатын есірткілер еліміздің кең даласына өсіп шығуда. Оның өзі біздің аймағымызға есірткінің контрабандалық транзиттік жолмен өтетініне байланысты «Жібек Жолы» деген атауды іліп отыр. Бірақ бұл арнайы қызметкерлердің іс қимылдары ойдағыдай еместігін білдірмейді, өйткені бір ғана Ұлттық Қауіпсіздік органдарының есірткі бизнесімен күрес саласындағы жетістіктерін айтсақ таңғаларлықтай.

Қазақстанның Ұлттық Комитетінің қол жеткізген нәтижелері көбінесе халықаралық есірткі бизнесімен күрес саласындағы шет мемлекеттердің арнайы қызметтерімен және құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуінің арқасында. Мәселен, Ресей Федералды қауіпсіздік қызметінің және Өзбекстан Республикасынан есірткі құралдарының контрабандалық айналысатын трансұлттық есірткі қоғамының қылмыстық қызметін анықтау және жолын кесу мақсатында «Стрела» деген шартты атаумен көп бағыттағы операция өткізілді. Операция кезеңдерінің бірін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан тарапынан Өзбекстан-Қазақстан-Ресей бағыты бойынша халықаралық бақылаудағы героиннің 70 кг-нан астам ірі партиясын жүргізу қамтамасыз етіледі. Осындай, есірткі бизнесіне қарсы Ұлттық органдары жүргізген күрес шараларының қатарына, Ресейді Федералды қауіпсіздік қызметімен бірлесе отырып жүзеге асырған Сафари операциясын жатқызуға болады, бұл операцияның нәтижесінде Нигериялық азаматтардан тұртын есірткілік топ ұсталып, тиісті жазасын алған болатын. Есірткі тасымадаушылардың негізгі каналы ТМД елдерінің шекарасына өтетіндігіне байланысты Қазақстан, Тәжікстан және Ресей Ішкі істер министрлігі жыл сайын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды контрабандалық жеткізудің жолын кесуге бағытталған жедел профилактикалық шараларын ұйымдастырып отырады. Құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіруге және дайындауға қатысы бар ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметкерлерін анықтау және жолын кесу мақсатында жыл сайын «МАК» жедел-профилактикалық операциялар

жүргізіледі. Үстіміздегі 25 мамырынан бастап 15 қыркүйегіне дейін «МАК-2009» Жедел-іздістіру шарасын өткізу барысында 363 есірткі қылмысы мен құқық анықталды. Есірткі заттарын өткізетін 19 нүкте жойылып, есірткі заттарының заңсыз айналысы саласындағы жасаған қылмыс бойынша 79 адам ұсталды.

Сонымен қатар жыл сайын өткізетін «Барьер», «Көбік», «Трасса», «Допинг» «Арна», «Тосқауыл» және «Игла» профилактикалық сипаттағы республикалық операцияларымен қатар, Ішкі істер Министрлігі және Кеден Комитеті бірлесе отырып, Қазақстан аумағында «Канал» атты харалықаралық операциясын өткізуді ұйымдастыратын еді. Бұл операция Ресей органдары мен арнайы қызметкерлерің қатысуымен өткізілетін, ал осы жылдан бастап есірткіге қарсы «Канал» профилактикалық операциясы тұрақты жұмыс істейтін жобаға айналды.

Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығына тиісті нормаларының нығайту мәселесінде қозғап кету керек. Қазіргі уақытта Республикамызда әрекет ететін заңнама әрдайым заңсыз есірткі айналымының экономикалық аспектілерін есепке ала бермейді. Есірткі қылмыстарының экономикалық базасын кесу, қылмыскерлердің заңсыз әрекетін жасау мақсатында пайдаланатын қаражат құралдарын және өзге де материалдық құндылықтарын алу арқылы жүзеге асыру қажет. Мұндай алулар заңда белгіленген тәртіппен есірткімен заңсыз әрекет жасаған, кінәлі деп танылған тұлғанын мүлкін тәркілеу ұғымымен ұштады. ТМД елдерінің есірткіге қарсы заңнамалары, осы бағыттағы заңсыз әрекеттеріне жаза түрінде мүлкті тәркілеу, кең қолданатындығымен ерекшеленеді. Ал біздің республикамыздың Қылмыстық кодексінің халық денсаулығына және адамгершілікке қылмыстар тарауында көзделген кейбір баптарының санкцияларында, атап айтсам, Қылмыстық кодекстің 261-б., 262-б. 2-т., 263-б., 264-б жазаның тек бас бостандығынан айыру түрі ғана қолданылады. Тәркілеуді аталған баптарға қосымша жаза ретінде қолдану, еірткі бизнесінің экономикалық бастауының алдын алуда ғана емес, жалпы тәркелудің қосымша жаза ретінде қолданылуын кеңейтеді деген ойдамын.

Мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі, еліміздің ертеңі — жастар, дәлірек айтсақ ХХІ ғасыр жастары. Жаңа технологиялардың ғасыры, жалпылама айтқанда күн сайын шығатын технологиялық жетістіктер жасөспірімдердің қызығушылығын толтыруда және ол өз кезегінде барған сайын жас жеткіншіктердің тәрбиесіне, біліміне, ең бастысы денсаулығына көңіл аз бөлуде. Баршамызға мәлім, қазіргі кезде кез келген ақпаратты, соның ішінде есірткіге байланысты мағлұматтарды интернет желілерінен, теледидардан және сол секілді телекоммуникация құралдарынан алуға болады. Тіпті, қазіргі уақытта есірткі заттарын айналадан іздегі қаңғудың немесе оны қалай пайдаланамын деп бас қатырудың қажеті жоқ секілді, өйткені интернетті ашып қалсақ боғаны, содан есірткі, көкнәр сататындар және сол есірткіні өзінің қалай үйінде қалай жасауға болатыны туралы ақпараттар тізбектеп шыға келеді. Есірткіні үйде жасау мүмкіндігі фактілері қазір расталып отыр. Санаға әсер ететін синтетикалық есірткілік құрал жасап шығарумен және олардың жасаумен айналысатындар, айталық «химиктер» аталмыш есірткілерді өндірумен қатар жаңа рецептерді арнайы веб сайттарға есірткі орналасып та үлгеруде. Олардың ізіне түсу өте қиын, телекоммуникациялық желі химиктер үшін жасырынуға қолайлы болып отыр.

Алайда «жаман айтпай — жақсы жоқ» дегендей, бүгінгі таңда мемлекет басшылығымын қолдауымен жастар арасында таралған есірткі дертінің алдын алуда бірнеше акциялар жүргізілуде. Үлгі ретінде келесі акцияларды айтуға болады: «Біз салауатты өмір салты үшін «Мен өмірді қалаймын», «Дені сау студенттер», «Есірткіге жол жоқ» және т. б. Осы іс-шараларға мыңнан астам оқушылар, студенттер және жұмыс істейтін жастар үлесін қосуда.

Балалар мен жасөспірімдерді тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру және спортпен айналысуға тартып, бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтарының жұмыстары жалғасып келеді.

Жоғарыда айтқанымдай есірткіге қарсы талай-талай күрес шаралары жүргізілгенімен, нәтижесі сонда да көңілден шығатындай емес, өйткені біз есірткіге қарсы күресеміз дейміз

де, оған тамаша жарнама жасаймыз. Дегенмен, қол түсірудің керегі емес, Қазақстан Республикасы Басшылығының жүргізетін есірткі пайдаланушылар мен есірткі бизнесіне қарсы күрес бағдарламаларына сәйкес, республикамыздың әр облысында қоғамның салауаттылығы үшін қолдан келген амалдарды қарастырып, бар күшімен еңбектенетін Ұлттық қауіпсіздік комитеттері және құқық қорғау органдары жұмыстануда.

РЕЗЮМЕ

Автор отмечает, что среди актуальных вопросов, стоящих перед казахстанским обществом и требующих скорейшего решения, одним из главных является рост наркомании и наркобизнеса как глобальная угроза национальной безопасности в целом. Противодействие незаконному обороту наркотиков является постоянной составляющей государственной политики Республики Казахстан.

RESUME

Today on of the most important questions facing society and demanding a decision; is the question of the growing drug addiction and drug trafficking as a global threat to the population of our country and the national security. The struggle against drug trafficking is the constant part of the state policy of Kazakhstan.